

Нұр-Сұлтан қаласы
А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей
Қамқоршылық кеңес отырысы
Хаттамасы №2

Өткізілген күні: 22.08.2022 ж

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібінде:

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымына үміткерлермен кездесу;

Төраға орынбасары Қапшаева Гүлшат Аблашқызы директорлыққа үміткерлерді таныстырып өтті. Үміткерлерге регламенттің 5 минуттан екендігі ескертілді. Хатшы ретімен үміткерлерді шақырды, олар өз ретімен бағдарламаларын таныстырып бастады.

➤ **Директор лауазымына үміткерлер:**

1. Ысқақова Жанар Тұрмағанбетқызы – Нұр-Сұлтан қаласы «Віном Сарыарқа» мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Әметбеков Ғани Бақытұлы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. Амержанова Алима Кдирбаевна – Генерал С.Нұрмағамбетов атындағы әскери колледжінің әдіскері
4. Атантаева Замира Шайзатовна – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
5. Корыкбаев Серикгали Ильясович – «Ақтөбе байланыс және электротехника колледжі МКҚК директоры»

Нұр-Сұлтан қаласы №48 мектеп-лицейіндегі қамқоршылық кеңес мүшелерінің тізімімен таныстырып өтсек,

1. Шаяхметов Дамир Рамазанович – ата-ана, қамқоршылық кеңес төрағасы
(отбасы жағдайына байланысты онлайн қатысты ZOOM платформасымен)
2. Қапшаева Гүлшат Аблашқызы - ата-ана, қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары
3. Онгарбаев Еркін Ануарович – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Алимбаев Аслан Есемканович – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Шаменов Мерей Ерболович – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
6. Күзембаев Иран-Ғайып Айқынбайұлы – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі

7. Абдуова Асемгуль Жумагуловна – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
8. Бекебаева Назгүл Темірханқызы – **Хатшы**
9. Назгүл Темирхановна – Білім басқармасының бақылаушысы

Ысқақова Жанар Тұрмағанбетқызы – мектептің даму стратегиясын ұсынды.

Мақсаты – тез өзгертін әлемде тұлғаның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру. Мектеп тұжырымдамасында – мектеп миссиясы және өзектілігі туралы айтты.

➤ Нысаналы индикаторлардың негізінде:

Материалдық-техникалық база 2022-2023 оқу жылында 20 пайызға нығайтылады;

Оқушылардың бойына академиялық адалдық орнату;

«Оқуға құштар мектеп жобасы» тиімді жүргізіледі. Мектеп түлегінің моделін айқындап берді.

Әметбеков Ғани Бақытұлы – мектеп-лицей миссиясына өзінің ұсынысын айтты:

1. Өзіне, ұлтқа, мемлекетке және әлемге пайдалы қызмет етуге дайын сауатты, интеллектуалды, коммуникативті, ұлтжанды мемлекетшіл тұлға қалыптастыру ұлттық мектеп-лицей үлгісін жақсарту.
2. Білім алушылардың үйлесімді дамуына қажетті эмоционалдық, инновациялық, интеллектуалдық және қауіпсіз орта орнату.

Амержанова Алима Кдирбаевна – 2022-2026 жж мектептің дамытудағы ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОБАСЫН ұсынды. Жобаның басты мақсаты – білім беру мазмұнын жаңарту және жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы білім сапасын арттыру.

Атантаева Замира Шайзатовна – білім беру мекемесінің даму стратегиясындағы негізгі бағыттарын айтты.

- Кадрлық әлеует;
- Білім сапасының рейтингі;
- Қауіпсіз білім беру кеңістігін негізгі бағыты ретінде ұсынды.

Корыкбаев Серикгали Ильясович – даму бағдарламасын құрастыру, білім беру және тәрбие бағдарламаларын дайындау. Білім беру үрдісін ұйымдастыру, білім сапасын басқару, нәтижелер туралы есеп беру даму бағдарламасын ұсынды.

Үміткерлер өз бағдарламаларын ұсынғаннан соң қамқоршылық кеңес мүшелерімен айқын алаңға шықты. Қамқоршылық кеңес мүшелері: Күзембаев Иран-Ғайып Айқынбайұлы және Шаменов Мерей Ерболович үміткерлерге өз сұрақтарын қойып, дегенмен де кей сұрақтарға нәтижелі жауап ала алмады.

Директор лауазымына үміткерлердің бағдарламаларын талқылай келе, қамқоршылық кеңесі төмендегідей шешім қабылдады:

Шешім:

1. Директор лауазымына үміткерлердің ұсынған мектептің даму жоспарлары қамқоршылық кеңесінің талаптарына сай емес. Ұсынған бағдарламалардың мазмұны нақтыланбаған. Ұсынылған бағдарламалардың көпшілігі мектепте жүргізіліп, қалыптасқан жұмыстар.
2. Жоғарыдағы тұжырымдаманы негізге ала отырып, директорлық лауазымға педагогикалық ұжымнан мектептің жәй-күйін толық білетін, басшылық қабілеті бар директордың орынбасарлары ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Ата-ана, қамқоршылық кеңес
төрағасының орынбасары
Ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
Ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
Ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
Ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
Хатшы

Д.Шаяхметов



**Г.А.Қапшаева
Е.А.Онгарбаев
А.Е.Алимбаев
М.Е.Шаменов
И.А.Күзембаев
Н.Т.Бекебаева**

